

САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫ № _____

Ақтөбе қ.

« ____ » _____ 2024ж.

«Урихтау Оперейтинг» ЖШС, бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын, Бас директор – Умиров А.С. атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, бір жағынан, және _____, бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын, _____ атынан, _____ негізінде әрекет ететін, екінші жағынан, бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталатын, ТМҚ ТЕӨ сатылымы бойынша аукционның қорытынды хаттамасының негізінде _____ 2024 жылы осы сатып алу-сату Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шартқа сәйкес, Сатушы Сатып алушының меншігіне сұранысқа ие емес өтімді тауарлы-материалдық қорларды (бұдан әрі – ТМҚ) осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымша №1-де көрсетілген баға мен мөлшерде беруге міндеттенеді, ал Сатып алушы ТМҚ-ны қабылдап, осы Шартта анықталған талаптар мен тәртіп бойынша олардың құнын төлеуге міндеттенеді.

2. ТМҚ беру тәртібі

2.1. ТМҚ тек Сатушының есепшотына ақша түскеннен кейін және ТМҚ босату туралы бұйрық шығарылған жағдайда ғана беріледі.

2.2. ҚР заңнамасына сәйкес ресімделген және қол қойылған тауарды қабылдау-беру актісі ТМҚ-ны тиісінше алудың растамасы болып табылады.

3. Тараптардың міндеттері

3.1. Сатушының Құқықтары:

3.1.1. Осы Шарт бойынша толық төлемді Тараптар қол қойғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде талап ету.

3.1.2. Осы Шарт бойынша 100% төлем жасалғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде ТМҚ-ны Сатушының қоймасынан әкетуді талап ету.

3.1.3. Осы Шарттың 3.1.1. және 3.1.2. тармақтары бұзылған жағдайда, Сатушы біржақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тарту (Шартты бұзу) құқығын иеленеді.

3.2 Сатушының Міндеттері:

3.2.1. Сатып алушыға жалпы сомасы _____ (_____) теңге ҚҚС-сыз, ҚҚС-ты қосқанда _____ (_____) теңге көлемінде, Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілген мөлшерде және 100% төлем жасалғаннан кейін ТМҚ-ны беру.

3.2.2. ТМҚ-ны барлық тиесілі жабдықтары және оларға қатысты құжаттарымен бірге тапсыру.

3.3. Сатып Алушының Міндеттері:

3.3.1. Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ТМҚ үшін 100% төлемді Сатушының есепшотына ақша аудару арқылы жүргізу.

3.3.2. ТМҚ-ны Сатушының қоймасынан өз көлігімен ТМҚ босату туралы бұйрық ресімделген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде әкету.

3.3.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде, Сатушының өкілдері мен бақылаушы мемлекеттік органдар алдында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында және Сатушының ішкі құжаттарында

ИС «Directum» Прил. к
Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ИСМАГУЛОВ МАЛИК, 28.11.2024
Сертификат 68cf303b86807fc89073fd87dab473aaba1b5efa

белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтамағаны үшін туындаған ықтимал оқиғаларға толық жауапты болу.

3.3.4. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында заңнаманы және Сатушының ішкі құжаттарын сақтамауына байланысты Сатып алушының кінәсінен туындаған мемлекеттік органдар мен басқа да заңды және жеке тұлғалардың шағымдары, сот талаптары, айыппұлдары бойынша Сатушының шығындары мен залалдарын толық өтеу.

3.3.5. ТМҚ-ны Сатушының аумағынан әкету үшін Сатып алушының көлік құралдарына жүктеу жұмыстарын өз күшімен ұйымдастыру.

3.3.6. Сатушының талабы бойынша Шарттарды орындауға тартылған Сатып алушы мен оның қосалқы орындаушыларының жұмысшылар саны мен лауазымдары туралы ақпарат беру.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жауапкершілікті көтереді.

4.2. Шартта белгіленген мерзімдерде төлем уақытылы жүргізілмеген жағдайда, Сатып алушы Шарттың жалпы сомасынан 0.1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын айыппұл төлеуге міндетті.

4.3. ТМҚ-ны Шартта көрсетілген мерзімдерде Сатушының аумағынан уақытында әкетпеген жағдайда, Сатып алушы Шарттың жалпы сомасынан 0.1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын айыппұлды Сатушыға төлеуге міндетті.

5. Дауларды шешу тәртібі

5.1. Шартты орындау, өзгерту немесе бұзу барысында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

5.2. Егер келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады.

5.3. Шартта қарастырылмаған барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар

6.1. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында Тараптар, олардың аффилиирленген тұлғалары, қызметкерлері (қосалқы орындаушылары) Қазақстан Республикасының, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнамасын бұзуға немесе бұзуға ықпал ететін әрекеттерден бас тартады, сондай-ақ қандай да бір тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне заңсыз артықшылықтар алу немесе басқа заңсыз мақсаттарға жету үшін ықпал ету мақсатында тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

6.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында Тараптар, олардың аффилиирленген тұлғалары, қызметкерлері (қосалқы орындаушылары) Шарттың мақсаты үшін қолданылатын заңнама бойынша пара беру/алу, коммерциялық сатып алу деп саналатын, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен кірістерді заңсыз жолмен алуына қарсы күрес жөніндегі халықаралық актілер талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды.

6.3. Егер Тараптар осы Шарттың осы тармағының қандай да бір ережелерінің бұзылғаны немесе бұзылуы мүмкін екендігі туралы күдік туындаса, тиісті Тарап бұл туралы

басқа Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Жазбаша хабарламада Тарап нақты растайтын немесе осы Шарттың осы тармағының ережелерін Тарап, оның аффилиирленген тұлғалары, қызметкерлері (қосалқы орындаушылары) бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екендігі туралы болжам жасауға негіз болатын деректерге сілтеме жасауға немесе материалдар ұсынуға міндетті.

6.4. Жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күнтізбелік күн ішінде тексеру жүргізуге және оның нәтижелерін басқа Тарапқа ұсынуға міндетті.

7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

7.1. Тараптардың бірі форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда, олардың пайда болған күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде басқа Тарапқа жазбаша түрде бұл жағдайлар туралы хабарлауға міндетті. Бұл жағдайларды Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органынан алынған құжаттың түпнұсқасы арқылы растау қажет.

7.2. Егер міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы форс-мажорлық жағдайлардың (су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе әскери әрекеттер, диверсия, терроризм, мемлекеттік органдардың Қызмет көрсетуді тыйым салатын немесе оған қандай да бір түрде кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) салдары болып табылса және бұл жағдайлар Тараптардың еркінен тыс болып, олардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпесе, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

7.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі форс-мажорлық жағдайлардың және олардың салдарларының әрекет ету уақытына сәйкес ұзартылады.

7.4. Шарттың 7.1-тармағында көрсетілген тәртіп бойынша хабарламаудың немесе уақытында хабарламаудың салдарынан, Тарап форс-мажорлық жағдайларды міндеттемелерді орындамау үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде көрсету құқығынан айырылады.

7.5. Егер Тараптардың міндеттемелерін толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі 2 (екі) айдан астам уақыт бойы сақталса, әрбір Тарап Шартты бұзу және өзара есеп айырысу құқығына ие болады.

8. Шартты бұзу тәртібі

8.1. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қолданылатын кез келген басқа санкцияларға нұқсан келтірместен, Сатушы Сатып алушыға ешқандай төлемдерді өтеместен, Шартты біржақты тәртіпте толық немесе ішінара бұзуға құқылы.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Шартқа енгізілген барлық толықтырулар мен өзгерістер тек жазбаша түрде рәсімделіп, Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған және мөрлерімен бекітілген жағдайда ғана заңды күшіне ие болады.

9.2. Тараптардың заңды мұрагерлерін есепке алмағанда, Тараптар, осы Шартта қарастырылған өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаларға басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз беру құқығына ие емес.

9.3. Шарт екі (2) данада, тең заңдық күшке ие, қазақ және орыс тілдерінде әр Тарапқа бір-бір данадан жасалды.

9.4. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

9.5. Шарт талаптарын орындау барысында Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1 Шартқа қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда әрекет етеді, ал өзара есеп айырысу бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін күшінде болады.

№1 Қосымша: Тізім осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

№2 Қосымша: Тауарды қабылдау-тапсыру актісі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

11. Тараптардың заңды мекенжайлары мен банктік деректемелері:

Сатушы	Сатып алушы
<p>«Урихтау Оперейтинг» ЖШС Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 10 БСН 091 040 003 677 БИК HSBKZZKX ЖСК KZ646010121000038904 Ақтөбе облыстық филиалында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Тел.: 8 (7132) 744-114, факс 744-171</p>	

Сатушы
«Урихтау Оперейтинг» ЖШС:

Бас директор

_____ **А. С. Умиров**

М.П.

Сатып алушы
_____ :

М.П.

ТІЗБЕ

№	Материал нөмірі	ТМҚ атауы	Саны	Өлшем бірлігі	Сомасы
	Барлығы ҚҚС-сыз:				
	ҚҚС 12%:				
	Барлығы ҚҚС-пен:				

Сатушы
«Урихтау Оперейтинг» ЖШС:

Сатып алушы
_____:

Бас директор

_____ **А. С. Умиров**
м.п.

м.п.

№2 қосымша
№ _____ шартқа
« _____ » _____ 2024 г.

**ТАУАРДЫ ҚАБЫЛДАУ-ТАПСЫРУ
АКТІСІ**

Ақтобе қ.

« _____ » _____ 202_ ж.

Біз, төменде қол қойғандар, «Урихтау Оперейтинг» ЖШС атынан _____ бір тараптан және екінші тараптан « _____ » ЖШС атынан _____, осы Акті жасадық, онда «Урихтау Оперейтинг» ЖШС мен « _____ » ЖШС арасында жасалған № Шартқа сәйкес, «Урихтау Оперейтинг» ЖШС келесі ТМҚ-ны тапсырғанын, ал « _____ » ЖШС қабылдағанын растаймыз:

№	Тауардың Атауы	Бірлік өлшем	Саны	Бірлік бағасы, теңге	Жалпы құны, теңге бастап ҚҚС
1					
2					
Барлығы: _____ (_____) теңге, ҚҚС есебімен					

ҚҚС қосқанда ТМҚ құны _____ (_____) теңгені құрайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қолданылатын салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер кіреді.

Сатушы
«Урихтау Оперейтинг» ЖШС:

Сатып алушы
_____:

Бас директор

_____ **А. С. Умиров**
м.п.

_____ **м.п.**